

Түркменстан Республикасының аумағында ұлттық валютаның енгізілуіне байланысты уақытша қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 22 қазан 1993 ж. N 1050. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Түркменстан Республикасының аумағында 1993 жылғы 1 қарашадан бастап ұлттық валюта - манаттың енгізілуіне байланысты, Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Түркменстан Республикасымен арадағы шекара арқылы қолма-қол ақша қаражатын әкелуге уақытша шектеу қойылсын. 1993 жылғы 1 қарашаға дейін шекарадан өткен кезде азаматтарға Қазақстан Республикасына КСРО Мемлекеттік банкісі мен Ресей банкісінің 1961-1992 жылдардағы үлгідегі 100 мың сомнан аспайтын мөлшерде ақша билеттерін әкелуге рұқсат етілсін. 1993 жылғы 1 қарашадан бастап КСРО Мемлекеттік банкісі мен Ресей банкісінің 1961-1992 жылдардағы үлгідегі ақша билеттерін Түркменстан Республикасынан әкелуге толық тыйым салынсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы Ішкі істер министрлігімен бірлесіп, Түркменстан Республикасынан келе жатқан азаматтар мен жүктерді қолданылып жүрген заңдарға сәйкес тексеруді қамтамасыз етсін. Бұл орайда қолма-қол ақшаны алып қою Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қорғау жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1993 жылғы 15 қыркүйектегі N 883 қаулысымен белгіленген тәртіп бойынша жүргізіледі.

3. Жергілікті әкімдер, министрліктер мен ведомстволар, шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшылары Қазақстан Республикасы Ұлттық банкісі түркмен манатының ресми курсы анықтағанға дейін Түркменстанның шаруашылық жүргізуші субъектілерімен өзара есеп айырысуды Ресей сомымен немесе еркін айналымдағы валютада жүргізетін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісі мен акционерлік-коммерциялық банктерге Түркменстан Республикасынан ақшасыз аударымдарды қабылдауды тоқтату ұсынылсын.

5. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан

Республикасының экономикалық мүдделерін қорғау жөніндегі уақытша қосымша шаралар туралы" 1993 жылғы 15 қыркүйектегі N 883 қаулысы 1-тармағының екінші абзацындағы "Түркменстан Республикасы" деген сөздер алып тасталсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК